

БІЗ ҚТЖ-МЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП, ИНДУСТРИАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ – «УНИВЕРСИТЕТ-ӨНДІРІС» /2+1/ МОДЕЛІН ДАМУЫП ОТЫРМЫЗ. БҰЛ МОДЕЛЬДІҢ МӘНІ СТУДЕНТ ЕКІ ЖЫЛ УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫНДА, БІР ЖЫЛ ӨНДІРІС БАСЫНДА ОҚИДЫ. БАСТЫ МАҚСАТ – КЕПІЛДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСАТЫН МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ. «УНИВЕРСИТЕТ-ӨНДІРІС» МОДЕЛІН ІСКЕ АСЫРУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ, БІЛІМ БЕРУ МЕН ӨНДІРІСТІҢ ТЫҒЫЗ ИНТЕГРАЦИЯСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКА АРАСЫНДАҒЫ АЛШАҚТЫҚТЫ АЗАЙТУ, ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУЫНА КЕПІЛДІК БЕРУ МҮМКІНДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Меруерт ЖАРМАҒАМБЕТОВА,
М.Тынышпаев атындағы ALT University басқарма төрағасы – ректоры



№30 (3177)
21/04/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



СТАЛЬНОЙ КАРКАС ОСЖД: В АСТАНЕ СТАРТОВАЛО ЮБИЛЕЙНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

В столице Казахстана открылось XI заседание Конференции генеральных директоров железных дорог Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД). Так, в Астане собрались делегаты из порядка 30 стран, включая представителей Китая, России, Венгрии, Вьетнама, Польши, Южной Кореи и других государств.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Организация сотрудничества железных дорог, созданная в 1956 году, на протяжении семи десятилетий остается главным архитектором единого железнодорожного пространства.

В Астане участники заседания подводят итоги проделанной работы и закладывают фундамент будущего. В фокусе внимания – четыре ключевых направления: развитие перевозок, модернизация путей и терминалов, переход на безбумажные технологии и интеллектуальные системы управления и подготовки специалистов нового поколения.

В рамках форума проходит ряд важных стратегических встреч, в том числе состоялась двусторонняя встреча – глава АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талғат Алдыбергенов обсудил перспективы отрасли с председателем Комитета ОСЖД Мирославом Антоновичем.

Стороны акцентировали внимание на развитии комбинированных логистических решений на направлении Европа – Азия. Особый акцент был сделан на научно-техническом взаимодействии и экологии – железные дороги должны оставаться самым «зеленым» и технологичным видом транспорта.

– Казахстан укрепляет статус ключевого транзитного хаба Евразии. Казахстан сегодня де-факто становится «золотым мостом» между Востоком и Западом, демонстрируя впечатляющие темпы модернизации своей транспортной инфраструктуры. Мы в ОСЖД видим, как системные реформы и развитие коридоров превращают республику из внутриконтинентального государства в стратегический транзитный хаб мирового значения. Это не просто логистический успех одной страны, а мощный импульс для интеграции всей Евразии, где Казахстан выступает гарантом надежности, скорости и стабильности глобальных торговых потоков. Особо подчеркнут роль Казахстана как одного из самых активных и конструктивных членов нашей организации. Выступая в роли основного сухопутного коридора, Казахстан сегодня является незаменимым связующим звеном между промышленными центрами Китая и потребительскими рынками Европы, обеспечивая беспрецедентную эффективность трансевразийских маршрутов, – отметил председатель Комитета ОСЖД Мирослав Антонович.

В целом результатом встречи в Астане станут утвержденная программа работы на предстоящий период и «дорожная карта», которая определит развитие евразийской логистики на годы вперед. Ключевой темой встреч стала роль Казахстана

как стратегического логистического узла Евразии. За последние годы объем контейнерных перевозок через республику вырос в разы, и заседание в Астане призвано закрепить этот успех. Участники форума отмечают, что без интеграции казахстанских стальных магистралей в глобальную сеть невозможно представить стабильную торговлю между крупнейшими экономиками мира – Китаем и Европейским союзом.

Особое внимание на полях конференции уделено «цифровой интеграции». Эксперты обсуждают создание единой интеллектуальной экосистемы, где данные о движении поездов, таможенных декларациях и состоянии груза передаются в режиме реального времени. Это позволит устранить «узкие места» на границах и сократить время ожидания составов.

Кроме того, на заседании подчеркивалось, что развитие электротяги и внедрение энергосберегающих технологий на терминалах позволяют существенно снизить углеродный след. Для Казахстана это открывает доступ к «зеленым» инвестициям и международным экологическим грантам.

Железнодорожники из разных стран отмечают, что уникальность ОСЖД заключается в способности объединять страны с разными техническими стандартами и политическими векторами.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Астанада бүкіл ел бойынша экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатты қорғауға және қоғамның белсенділігін арттыруға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында қаланы тазарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Сенбі күні өткен іс-шараға «Нұрлы жол» вокзалының ұжымы да белсене қатысты. Акция барысында сала қызметкерлері вокзал аумағын тазалап, абаттандыру және аумақаландыру жұмыстарын жүргізді.

«Нұрлы жол» вокзалының бас инженері Ермахан Байдәулетов бұл бастаманың маңыздылығын атап өтті. Оның айтуынша, вокзал – бұл жолаушыларға қызмет көрсету нысаны ғана емес, сонымен қатар қала экологиясына әсер ететін маңызды кеңістік. Ал таза орта құру – ортақ жауапкершілік.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясын «Кедентранссервис» АҚ ұжымы да экологиялық жауапты корпоративтік органы қалыптастыру жөніндегі бастама ретінде қолдап отыр.

Құрық портынан эстафетаны қабылдаған олар «Жасыл желекті кеңсе» элементтерін іске асырып, жайлы және экологиялық таза жұмыс кеңістігін құруда.

Челлендждің жалғасы ретінде «Кедентранссервис» АҚ әріптестерін бастаманы қолдауға және экологиялық мәдениеттің дамуына үлес қосуға шақыра отырып, «Қазтеміртранс» АҚ ұжымына эстафетаны тапсырады.

Ислам ТАЛҒАТ

СТАВКА НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ

Представители ТОО «Порт Курык» ознакомились с ходом модернизации казахстанских Ро-Ро паромов в Турции.

Генеральный директор порта Еркін Нығметов и и. о. исполнительного директора по маркетингу и логистике Дамир Шушаков посетили верфь в районе Тузла города Стамбула, где производится модернизация паромов из Казахстана.

В рамках визита представители порта осмотрели судно, оценили текущий этап реконструкции и провели переговоры с судовладельцами по вопросам дальнейшей эксплуатации флота на маршруте между портом Курык и портами Азербайджана.

Прибытие первого модернизированного парома в порт Курык ожидается в третьем квартале 2026 года. Это позволит повысить эффективность обработки грузового автотранспорта, а также увеличить объемы перевалки грузов через порт Курык.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

Технология

ТӘЖІРИБЕЛІК СЫНАҚТАН ӨТУДЕ

Қазақстандағы ірі теміржол машина жасау холдингі Railways Systems KZ өндірісінен шыққан бағыттамалы бұрмалар тәжірибелік сынақтан өтуде.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Жаңа буын бағыттауыш бұрмаларды алғаш тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтан өткізуге Павлодардың Ерейментау жол дистанциясы қызмет көрсететін Бозшақөл станциясы тандалған. 1/11 және 1/9 маркалы жаңа конструкциялардың қазірдің өзінде

негізгі артықшылықтары аталуда: икемді үшкірлер, соққы бермейтін моноблоқты айқастырмалар, олардың жүктемелерге төзімділігі жоғары және ең бастысы түзу жолда жол жүру жылдамдығын 160 км/сағ дейін көтеруге мүмкін береді.

Инновациялық модельдер нақты жұмыс жағдайында көрсетілген сипаттамаларды сәтті растап отыр. Бұл жай ғана ескірген

элементтерді ауыстырып қана қоймай, теміржол желісін одан әрі дамыту үшін толыққанды технологиялық платформа болмақ.

Осы шешімді қолдану теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға байланысты бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі. Бағыттауыш бұрмалардағы бұған дейінгі рұқсат етілген жылдамдықтың өсуі өткізу қабілеттілігіне тікелей әсер етпек, яғни учаскелерден жүріп өту уақыты қысқарып, инфрақұрылымдық кідірістер саны азая түспек. Бұл дегеніміз – транзиттің қосымша көлемі және қуатты тімдірек пайдалану көзі.

ҚТЖ И АСТАНА IT UNIVERSITY ОБЪЕДИНЯЮТ УСИЛИЯ

Перспективы взаимодействия в области образования, подготовки кадров и цифровизации обсудили в Астане представители АО «НК «ҚТЖ» и Astana IT University.

Любовь РОВБА,
Астана

Работники департамента управления человеческими ресурсами, Дирекции автоматизации и цифровизации и департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» посетили с рабочим визитом Astana IT University. Со стороны университета во встрече приняли участие руководство и представители академического блока, включая проректора по академической работе, руководство центра карьеры и трудоустройства, Школы интеллектуальных систем и Школы кибербезопасности, профессорско-преподавательский состав, сотрудники лабораторий, а также студенты образовательной программы Smart Technology.

Стороны обсудили текущее и перспективное сотрудничество в рамках образовательных, инновационных и цифровых проектов, в том числе развитие практи-

ко-ориентированного обучения студентов, внедрение цифровых решений в производственные процессы и подготовку востребованных специалистов для отрасли.

Представители ҚТЖ презентовали ключевые направления деятельности компании и рассказали о процессе поиска и подбора кандидатов. Кроме того, ознакомились с предварительными результатами дипломного проекта, разработанного студентами Школы интеллектуальных систем Тахминой Қабылбек и Камилой Исабай в рамках технического задания ҚТЖ – создание электронного курса по ИСИ (Инструкция сигнализации и связи). Представленные студентами решения получили положительную оценку участников встречи с точки зрения их практического потенциала и возможности дальнейшего применения.

– Мы заинтересованы в том, чтобы бизнес-среда, индустрия работали с нами в коллаборации. И я надеюсь, что



с ҚТЖ у нас будет в перспективе очень много совместных проектов, и у наших обучающихся будет возможность проходить у вас практику, создавать для компании новые программные решения и продукты, которые будут совершенствовать бизнес-процесс, – отметила проректор по академическим вопросам Astana IT University Гульвира Ақылбаева.

В ходе встречи особое внимание уделено вопросам реализации меморандума о сотрудничестве между компанией и университетом. Обсуждены направления его практического наполнения, включая расширение форм взаимодействия, запуск совместных образовательных инициатив, внесение изменений в образовательные учебные программы специальных дисциплин по железнодорожному направлению и интеграцию производственных

задач в учебный процесс.

В этом контексте отдельно рассмотрено развитие дуального обучения. Отмечена необходимость усиления практической составляющей образовательных программ за счет вовлечения студентов в реальные производственные процессы, прохождения стажировок и выполнения проектов на базе ҚТЖ.

Планируются также проведение хакатонов, выполнение дипломных работ на основе реальных производственных кейсов, разработка цифровых решений (в том числе цифровых двойников).

По итогам встречи стороны подтвердили взаимную заинтересованность в развитии долгосрочного стратегического партнерства и договорились продолжить проработку совместных инициатив.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ИТОГАМ ПЕРВОГО КВАРТАЛА 2026 ГОДА ПО МАРШРУТУ ТМТМ ПЕРЕВЕЗЕНО

125

КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕЗЕДОВ.

В ПЕРВОМ КВАРТАЛЕ 2026 ГОДА ПАРК ҚТЖ ПОПОЛНИЛСЯ

24

НОВЫМИ ЛОКОМОТИВАМИ.

В 2025/2026 УЧЕБНОМ ГОДУ

1 230

СТУДЕНТОВ ALT UNIVERSITY ИМЕНИ М. ТЫНЫШПАЕВА ПРОШЛИ ПРОИЗВОДСТВЕННУЮ ПРАКТИКУ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ.

САПА – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Сапалы жол пойыздар қозғалыс қауіпсіздігінің кепілі екені анық. Соған орай аймақта жол шаруашылығы бойынша жолды күрделі жөндеу, күшейтілген орташа жол жөндеу, темірбетонды бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру, пайдаға асатын бұрмаларды қайта ауыстыру, түйіспесіз рельсті және Р-50 типінен Р-65 типіне ескі рельстерді ауыстыру, бағыттамалардың желінуін азайту мақсатында бұрмаға протекторлар орнату, т.б. жұмыстар жүргізіліп жатыр.



– Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша қолданыстағы жолдың жай-күйін бақылау мақсатында басшылық тарапынан бақылау күшейтіліп, кемшіліктерді түзету бағытында жол, байланыс, электрмен қамту саласы мамандарымен бірлескен тексерулер жүргізілуде. Қазіргі уақытта рельстің, бұрмалардың және жолдардың жағдайы үнемі назарда. Жоғарыда аталған жұмыстармен қатар қанағаттанғысыз жолдарды ай сайын кем дегенде 10 пайызға кеміту мақсатында ҚБ, ЖБР техникаларымен рельс асты төсемдер мен жарамсыз бекітпелерді ауыстыру, көпірлерге жақын жолдардың рельсі мен шпалдарын жаңарту, РМ машинасымен балласт астын тазарту, ДМ, ДГС, ПБР техникаларымен жолды түзету, ПРБ машинасымен рихтовка жасау, т.б. көптеген жұмыстар жүріп жатыр, – дейді бөлімше бастығының бірінші орынбасары Аманқос Жылқыбаев.

Оның айтуынша, қозғалыс және еңбек қауіпсіздігін оңтайландыру бағытында материалдық базаны жақсарту бойынша шешімін күткен мәселелер де бар. Мәселен, 2011 жылдан бері жолдың күрделі жөндеу жұмыстары барысында шпалдар Фоссло типті бекітпелермен орнатылып келеді. Аталған бекітпе элементтерінің ескіруіне орай қазіргі уақытта Фоссло материалының рельсасты аралық төсемдеріне үлкен қажеттілік туындап отыр. Соңғы жылдары мекемеде алынған кіші механизациялар, яғни порталды көтергіш кран, жол домкраты, рихтовщик, АБ-2 электрстанциясы, ЭШП ұлтандау, рельсжонғыш, рельсескіш, рельсескіш станоктар, шурупогайковерт, гидравликалық кергіш, бір рельсті арба, т.б. құрал-саймандардың мерзімінен бұрын істен шығуы орын алуда. Жол, байланыс, электрмен қамту дистанцияларының автопаркін жаңарту, арнайы мамандандырылған автомобильдер, жолаушы таситын, апатты жағдайларда қиын учаскелерге бара алатын жол талғамайтын арнайы көліктер де қажет. Сонымен қатар Атырау облысы полициясының ескертулеріне сәйкес теміржол өткелдерін жарыққа шағылысатын арнайы пластикалық құрылғылармен қамтамасыз ету де кешегідей болмайтын жұмыстың бірі. «Сапаға қол жеткізу үшін бірінші кезекте осы қажеттіліктерді түгендейміз», – дейді бөлімше басшылығы.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ ТАБАНЫ САУЫҚТЫРЫЛУДА

Жаз – теміржол инфрақұрылымын сауықтыратын кезең. Бұл бағытта көктем басталғалы жұмысқа кіріскен түбек теміржолшылары Маңғыстау шойын жолының сапасын арттыру, өткізгіштік қабілетін жоғарылату бағытында біраз айтарлықтай шаруалар атқарып үлгерді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша осы жылға жоспарланған жұмыстар наурыз айынан бастау алған. Бірінші кезекте күшейтілген орташа жөндеу жұмыстарына басымдық беріліп, бүгінгі күнге дейін он шақырымнан астам жол осы жөндеу түрінен өткізілді. Жұмысқа Ағадыр машиналандырылған жол дистанциясы филиалының техникалары жұмылдырылған. Аталған техникалардың күшімен Бейнеу жол дистанциясында станция басындағы жолдардың 7,730 шақырымы, Маңғыстау жол дистанциясында Шетте станциясынан 3 шақырым жол қамтылып, күшейтілген орташа жөндеуден өткен. Бүгінде бұл жұмыстар Маңғыстау станциясында жалғасын тауып, мұнда да 3 шақырым жол жөндеуден өткізіліп, аяқталуға жақындады.

– Биыл атқарылуы тиіс құрылыс-жөндеу жұмыстарының жобасын дайындап, күн жылына бастағаннан қарекетке кірістік. Күн-түн демей тынымсыз еңбектің нәти-



жесінде қазірге дейін біраз шаруаны шираттық. Сол наурыз айынан «Дуомат» жол машиналарының кешені күшейтілген орташа жөндеуден өткен жолдарда жолды қалпына келтіру жұмыстарын атқарып жүр. Ал «Унимат» машинасы жаңадан салынған бұрмаларды көтеру жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар биыл жоспар бойынша Бейнеу жол дистанциясында – 4 дана, Маңғыстау жол дистанциясы аумағында 14

дана бағыттамалы бұрма ауыстырылады. Қазір осы жұмыстар да атқарылып жатыр. Малға қарсы қоршау тұрғызу мәселесі де қашанда өзекті. Бұл жұмыс жыл сайын атқарылады, осы жылы 56 шақырым қоршау саламыз. Соның 34 шақырымы ПЧ-12 Бейнеу дистанциясының, 22 шақырымы ПЧ-13 Маңғыстау дистанциясының аумағында бой көтереді. Бүгінде «Ямобур» техникасымен қоршаудың шұңқырын қазып, дайындап жатырмыз, – деп ақпар берді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімі басшысы Нұрлыбай Қисаев.

Бөлім бастығының мәліметіне сүйенсек, биыл сонымен қатар түбек теміржолында 1151 шақырым аумақта малға қарсы қоршаулар қайта жөнделеді. Бұл жұмыстар да осы айда басталады. Бұлардың бұл көктем мезгіліндегі атқарылуға тиіс жұмыстар, жаз мезгіліне де арнайы жоспар жасақталған. Жоспардың басында маусымға межелеген күрделі жөндеу тұр. Ол Күйкен бекетінен №2-3 бекет аралығындағы жалпы көлемі 32,167 шақырым жолды қамтиды.

Суретті түсірген автор

СЕКСЕУІЛДЕН ТҮРКІСТАНҒА ДЕЙІН...



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Құрамында бөлімше басшылары мен бас инженерлер, жауапты мамандар, ревизорлар, кадр және кәсіподақ қызметкерлері бар, басшы-қосшылардың бір уақытта өткізетін комиссиялық тексеру процесі – шын мәнінде қызықты әрі өте жауапты шара. Қызылорда теміржолында биылғы комиссиялық байқау солтүстіктегі нысандардан басталып, оңтүстіктегі Шорнақ – Шиелі – Қызылорда телімінде жалғасты. Шиелі станциясында тораптық жиын ретінде өткізіліп, анықталған кемшіліктер мен олықтықтарға сараптама жасалды. Негізгі ұстаным – бір кемшіліктің қайталануын болдырмау, алдын алу. Сәуір айы басталғалы бері көктемгі комиссиялық тексеруге дайындық жасап жатқан жол бойындағы станциялар мен құрылымдардың жазғы маусымға дайындығын бағалаған бөлімше бастығы Ербол Сәулебеков, биылғы жылғы көктемгі комиссиялық тексерудің жалпы деңгейі «жақсы» екенін білдірді. Дегенмен Түркістан мен Сексеуіл арасында әлі талай жұмыс бар деді.

– Кешеден бері Түркістан – Шиелі станциясының аралығы, бүгін Шиелі станциясындағы нысандар тексеруден өткізілді. Ертең Шиелі – Қызылорда аралығын сүзіп шығамыз. Тек тексеру нәтижесіне қарап толық баға беруге болады, – деді Ербол Сәулебеков.

Аймақтағы әрбір бекетке аялдап, ондағы нысандарды иненің көзінен өткізгендей мұқият тексерген комиссиялық топ кемшілікті

Аймақтағы теміржол нысандарын көктемгі комиссиялық тексеруден өткізген комиссиялық топ мүшелері пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру, жеке құрамның техникалық қауіпсіздігі шараларына басымдық берді.



жіпке тізіп құржатап, оларды дер кезінде жою жолдарын да қарастыруда. Мәселен Сексеуіл – Қоскөл телімінде, Сексеуіл – Қазалы – Қызылорда учаскелерінде анықталған кемшіліктер туралы Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары аппаратының бастығы Алматы Молдашев айтып берді.

– Кеше Шиелі – Бірқазан учаскесінде 5 ескерту жасалды, ревизор Олжас Сиятов тарапынан 1 талон алынып, тыйым салынған маршрут бойынша 10 ескерту жасалды. Ревизор Әмір Жүсіпбеков тарапынан бағыттамалық бұрмада жылдамдықты шектеу жайлы ескерту жасалды. Сексеуіл – Қоскөл учаскесінде 2 вагон пайдаланудан уақытша ажыратылды, 2 КМО тоқталды, 1 құрылғы, 7 бағыттамалы бұрма жабылды, 3 рет жолдың жылдамдығы шектелді, жалпы 17 ескерту шарасы жасалды. Ревизор Б.Маханбетов 7 ескерту жасаса, Сәкен Бимұраев тарапынан 10 ескерту шарасы рәсімделіп, оларды дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары дереу қолға алынды, – дейді ревизор Алматы Молдашев.

Қазіргі таңда аймақ тұрғындарының

темір жолды кез келген жерден кесіп өтуі тыйымдалмай тұр. Тіпті комиссия мүшелері осындай көріністердің орын алып жатқанына куә болып, ескерту жасаса да тұрғындар өздері жасап алған сұрлемнен тартып бара жатқаны қынжылтпай қоймады. Сондықтан жол бойына ескерту белгілерін алыстан көрінетіндей етіп бадыраптып жазып қою, оны тұрғындардың көзіне бірден шалынаын көрнекі жерге іліп қою, ескіргендерін жаңарту, жергілікті әкімдіктермен бірлесе жұмыс жасап, тұрғындарға темір жолдың қауіпті аймақ екенін түсіндіру шараларын күшейту керектігі қатаң тапсырылды.

Тексеру барысында комиссиялық топ тарапынан теміржол бойын жасыл желекке айналдырып, қоршаған ортаға қамқорлықты арттыру мақсатында көшет отырғызу жұмыстары да жасалды. Бұған дейін Сексеуіл – Қоскөл телімінде, Сексеуіл – Қазалы – Қызылорда учаскесінде көшет еккен комиссиялық топ мүшелері Бәйгекүм және Сұлутөбе станцияларында да жеміс, сәндік ағаш көшеттерін отырғызды.

Суреттерді түсірген автор

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ДӘУІРІ



Пойыздардың үздіксіз қозғалысына жауапты құрылымдық мекеменің бірі электрмен жабдықтау дистанциялары соңғы жылдары жаңару мен жаңғыру дәуірін бастан кешуде. Бағдаршамдарды, станциялар мен электр қабылдағыштарды тоқ көзімен қамтамасыз ететін аса маңызды құрылғылар кезең-кезеңмен жаңаруда.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Бұл шешім өз кезегінде, магистральдық желілерді, өндірістік нысандардың электр және қосалқы станциялар мен жарықтандыру жүйелерін үздіксіз, сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерді арттыруда.

ЭЧ-21 Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Қайрат Сейдулла басқа құрылымдық бөлімшелермен салыстырғанда, бұл саладағы модернизацияның көрсеткіші жаңа құрылғы жабдықтаумен – трансформаторлар мен ажыратқыш құралдардың жаңаруымен ғана емес, ең алдымен жұмысшыларға қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайын қалыптастырумен өлшенетінін жеткізді.

– 2024 жылы Электрлендіру

және энергетика департаментінің бастығы Рысбек Ахметбековтің қолдауымен ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіліп, аулаға асфальт төселіп, бордюрлер жаңартылды. Тал-дарақ егіліп, гүл отырғызылып, айнала абаттандырылды. Осылай кезең-кезеңімен дистанцияға қарасты қосалқы тартқыш станцияларының да ғимараттары жаңғыртылуда. Бұл жұмыстар биыл да жалғасады, – деді дистанция бастығы.

Теміржол инфрақұрылымының қай кезеңде қалай жаңғырып келе жатқаны – тоғыз жолдың торабы Шу қаласындағы теміржолшылар әулетінен шыққан Қайрат Маралбекұлының көз алдында. Осы салада еңбек етіп келе жатқан төртінші буынның ұрпағы ретінде шойын жолдың даму тарихын жақсы біледі. Еңбек жолын осы

дистанцияда қатардағы монтер болып бастаған. Қазір өркендеу дәуірі. Аймақтардағы филиалдарда, барлық құрылымдық бөлімшелерде модернизациялау жүріп жатыр. Заманауи құрал-жабдықтар мен техникалармен жабдықталуда, ендіше біз де одан қалыспауымыз керек дейді дистанция басшысы. Айтуынша, бүгінге дейін дистанцияға қарасты Түркісіб және Жамбыл қосалқы тартқыш станцияларында ВМУ-27,5 кВ, ВМК-35 кВ үш май ажыратқышы бір полюсті 27,5-35 кВ вакуумдық ажыратқыштарға ауыстырылыпты. Ал Аспарада ескі май ажыратқыштардың төртеуі бірден жаңартылған.

– Біздің негізгі міндетіміз – жүк және жолаушылар пойыздарының қозғалысын қамтамасыз ету үшін электр энергиясын тұрақты беріп

отыру. Жалпы дистанциядағы 235 маман шығыс жақтан Аспарадан бастап, батыста Түлкібасқа дейін, Шудан – Таразға, Тараздан – Қаратау, Жаңағасқа дейінгі аралықта теміржол инфрақұрылымын энергиямен үздіксіз қамтамасыз етіп қана қоймай, трансформаторлық қосалқы станцияларды, жоғары кернеулі желілерді және кабельдік жүйелерді жоспарлы жөндеу, диагностикалау және модернизациялаудан өткізуге жауапты. Әр станцияда біздің цехтарымыз, қосалқы тартқыш станцияларымыз бар. Көршіміз – қырғыз еліне қарасты Маймақ станциясында да мамандарымыз жұмыс істейді. Темір жол үстіндегі түйіспелі тораптың дұрыс жұмыс істеуін қадағалап, жоспарлы жөндеу жүргізіп, электр желілеріндегі қондырғыларды сапалы қамтама-

сыз етіп жөндеу, қысқа тұйықталулардың алдын алып, электр қондырғыларын пайдаланудың ережелеріне сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұдайы бақылауда ұстаймыз.

Соңғы жылдарда дистанция бойынша қосалқы тартқыш станцияларымызда маңызды рөл атқаратын құрылғылардың басым көпшілігі жаңарды. Аспарада бұрын майлы ажыратқыштар ескі болатын. Майы ағып, қиын жағдайда тұрған. Қазір екі полюсті – үш және бір полюсті вакуумдық ажыратқыш орнаттық. Сонымен қатар екі полюстіден Түркісбте – бір, бір полюстіден Жамбыл қосалқы тартқыш станциясына екі жаңа қондырғы орнатылды. Жамбыл жөндеу-тексеру учаскесі үшін май тазалау жабдығы, тұрғын үй модульдері үшін бір КТПН-

40/10кВА жиынтық-трансформаторлық қосалқы станциясы сатып алынды, – деп түсіндірді Қайрат Маралбекұлы.

Мамандардың айтуынша, бүгінде дистанция бойынша қорғау блоктары жаңартылып, электр желілеріндегі ақауларды жедел анықтау және жою жұмыстары едәуір жеңілдепті. Айталық, бұрын қай жерде ақау болғанын аралап жүріп анықтаса, қазір жаңа құрылғының экрандағы талбосы арқылы шақырымы дәл көрсетіліп тұрады екен.

Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясында тек құрылғылар ғана емес, кезең-кезеңімен техникалар да жаңартылууда. Атап айтқанда, бытыр бір жаңа автокөлік беріліп, оны дистанция басшылары Түркісіб қосалқы тартқыш станциясына тапсырыпты. Жалпы өндірістік мекемеде бұдан бөлек бригадаларды тасымалдайтын 6 автокөлік, бензовоз, УАЗ, самосвал, бір дизель машинасы, сондай-ақ арнайы лабораториясы бар.

Электр қондырғыларды сапалы қамтамасыз етіп жөндеу және жұмыс сапасын арттыру үшін биыл Электрлендіру және энергетика департаменті тағы да жаңа автокөлік пен АДМ – Дрезина беруді жоспарлап отыр екен. Ал бұл – электрмен үздіксіз қамтамасыз етуде мүмкіндік арта түседі деген сөз.

Суретті түсірген автор





ПЕРВЫЕ ШАГИ В КОМПАНИИ



КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Мероприятие прошло в формате насыщенной обучающей программы. Участники ждали не только презентации, но и интерактивные упражнения, направленные на знакомство и формирование командного взаимодействия. Открылась встреча традиционной «минуткой безопасности», после чего последовали выступления представителей различных подразделений.

Новым сотрудникам подробно рассказали о структуре компании, особенностях работы

В Астане состоялась «Welcome Day» для вновь принятых работников АО «НК «КТЖ». В мероприятии приняли участие 34 сотрудника центрального аппарата и филиалов, дислоцируемых в столице. Основная цель – познакомить новичков с корпоративной культурой, структурой компании и ключевыми внутренними процессами.

комплаенс-службы, системе управления рисками, внутреннего контроля, а также аспектах производственной и корпоративной безопасности. Отдельный блок был посвящен системе мотивации и социальным гарантиям.

Как отметила старший HR-бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Асель Актау, компания представляет собой масштабную структуру, объединяющую десятки направлений деятельности.

– В структуре КТЖ насчитывается 21 предприятие – это филиалы и дочерние организации, каждая из которых имеет свою

специфику и структуру работы. Поэтому очень важно, чтобы вы уже на начальном этапе понимали, где вы работаете, какие задачи стоят перед вашим подразделением и на какие показатели вы влияете, – подчеркнула она.

Особое внимание в ходе встречи было уделено вопросам заработной платы и мотивации. По словам спикера, уровень дохода сотрудников напрямую связан с результатами деятельности компании.

– Заработная плата зависит от доходов компании, а доходы, в свою очередь, формируются за счет грузовых и пассажирских перевозок. При этом у каждого подразделения есть свои показатели эффективности, от которых зависит система премирования – как у производственного персонала, так и у административных сотрудников, – пояснила Асель Актау.

Участникам также рассказали о социальном пакете, который включает добровольное медицинское страхование, возможность санаторно-курортного лечения, материальную помощь на оздоровление и корпоративные программы скидок.

– Компания стремится не только обеспечить стабильный доход, но и поддерживать сотрудников в вопросах здоровья, отдыха и развития. Это важная часть нашей корпоративной культуры, – отметила она.

В рамках встречи затронули и вопросы цифровизации. Сегодня в компании активно внедряются современные решения, включая инструменты на базе искусственного интеллекта, которые помогают в обработке данных и повышении эффективности рабочих процессов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЗНАНИЯ, КОТОРЫЕ СПАСАЮТ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

